

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
“Экономика және құқық” институты

“Қаржы” кафедрасы

Шодыраева Ш.К.

**050509 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне «Ақша,несие,банктер»
пәнінен курстық жұмысты орындауға арналған**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Ақтау,2011

ӘОЖ 336.7 (072)

Құрастырушы: аға оқытушы Шодыраева Ш.К.

050509 «Қаржы» мамандығының студенттеріне «Ақша,несие, банктер» пәнінен курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау. Ақтау-2009, 19бет

Сын пікір беруші: э.ғ.к. Омарова А.И.

Әдістемелік нұсқауда курстық жұмысты жазу мақсаты, талаптары, курстық жұмыс тақырыптары және әдебиеттер тізімі қарастырылған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімі бойынша басуға ұсынылған.

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ,2011

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1. Курс жұмысын жазудың мақсаты және оған қойылатын талаптар.....	5
2. Курс жұмысының тақырыбын таңдау және оның жоспарын құру.....	6
3. Әдебиеттер мен нақты мәліметтерді жинақтау.....	6
4. Курс жұмысының мазмұнын жазудың тәртібі.....	8
5. Курс жұмысын безендіруге және оны қорғауға қойылатын талаптар....	9
6. Курстық жұмысты даярлап өткізу мерзімі мен бағалануы.....	10
7. Курстық жұмысты тақырып нөмірі бойынша бөлу.....	11
8. Курстық жұмыс тақырыптары.....	12
9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі.....	15
10.Қосымшалар.....	18

Кіріспе

Әдістемелік нұсқау студенттерге «Ақша, несие, банктер» пәнінен курстық жұмысты жазу барысында көмекші құрал болып табылады, және жұмысты орындау студенттің пәнді қандай деңгейде меңгергендігін көрсетеді .

Курс жұмысын ойдағыдай орындау студенттің алдына қойған талаптарын жете түсінуіне байланысты. Ол талаптар жұмыстың теориялық деңгейіне, оның мазмұнына, құрылымына, көлеміне және жинақтаған мәліметтерді қорытындылап жазу сипатына, сонымен бірге, жазып бітірген жұмысты безендіріп қорғауға дайындауға байланысты қойылады.

Әдістемелік нұсқауда курстық жұмысты жазу мақсаты мен мәні, жұмысқа қойылатын талаптар, оларды рәсімдеу, курстық жұмыс тақырыптары және әдебиеттер тізімі қарастырылған.

1. Курс жұмысын жазудың мақсаты және оған қойылатын талаптар

Курс жұмысын жазудың мақсаты - жалпы теориялық пәндерді оқыту барысында алған білімді тиянақтап, кейбір күрделі экономикалық мәселелерді тереңірек түсіну. Оқу бағдарламасы бойынша кафедра мәжілісінде курс жұмысының тақырыптамасы бекітіліп, студенттер соған сәйкес III-ші оқу семестрінде курс жұмысын орындайды. Жазылған жұмыс емтиханға бір ай уақыт қалғанда кафедраға тапсырылып, тексеруден өткен соң сол уақыт ішінде қорғалуы тиіс.

Курс жұмысын жазудың міндеті:

- Студентті ғылыми, оқу және анықтама әдебиеттерін пайдалануға үйрету;
- Басқа пәндерді оқығанда алған білімін қорытындылап өз курс жұмысына пайдалана білу;
- Студенттің талдағыш ойын және шығармашылық қабілетін өрістету;
- Жазылған жұмысты қысқаша қорытындылап, ауызша баяндау әдістерін меңгеру.

Осы мақсаттарға жету үшін студент курс жұмысын таңдаған тақырыптың мазмұнын терең анықтап, сол бойынша жазылған алыс, жақын шетел және Қазақстан ғалымдарының әдебиеттерін, ғылыми еңбектерін, ресми құжаттарды оқып, түсініп, оларды пайдаланғаны жөн.

Бұл пән экономикалық ғылымның арнаулы бөлігі. Ол ақша, несие және банктердің атқаратын қызметтеріне байланысты туындайтын экономикалық қатынастардың ерекше жүйесін зерттейді.

Сондықтан экономиканың нарықтық қатынастарға өту кезеңінде ақша-несие жүйелері мен бағалы қағаздар нарығы қалыптасып жетілуде. Бұл экономикалық категорияларды қолдану ортасын жан-жақты зерттеп және оның нәтижесін практикалық жұмыста пайдалану қоғамның экономикалық даму заңдарын білу деген. Демек, курс жұмысын ойдағыдай жазу үшін оқыған ғылыми әдебиеттер мен жинақтаған нақты мәліметтерді дұрыс қорытынды жасай білуді талап етеді. Сондықтан курс жұмысына ғылыми тұрғыдан терең, әрі теориялық мәселелерді практикамен ұштастырып баяндау қажет. Нақты ақпараттарды терең талдап, оларды мұқият таңдап алу шарт. Ол үшін статистикалық жинақтарды, кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың және фирмалар мен банктердің сандық мәліметтерін пайдалану керек.

Курс жұмысының тақырыбын дұрыс таңдап, оның мән-мағынасын жете түсіну, мазмұнын кеңінен ашу, сөйтіп оны диплом

жұмысына ұластыру сатысында ой толғай білу, келешекте ғылыми зерттеу ісіне үйренудің маңызды алғы шарты.

2.Курс жұмысының тақырыбын таңдау және оның жоспарын құру

Жұмыстың нәтижелілігі, сөз жоқ, таңдалған тақырыпқа байланысты. Курс жұмысының тақырыбын студент өзі таңдап алып,оның жоспарын құрады. Жоспар құруға тыңғылықты дайындалу керек. Себебі дұрыс құрылған жоспар курс жұмысының құрылымын,мазмұнын,оның тарауларының логикалық байланысын айқындайды.Сонымен қатар жоспар студенттің тақырыпқа байланысты ғылыми әдебиеттер мен нақты ақпараттарды терең оқып,оның ең керектісін таңдай білуінің көрсеткіші.Сондықтан жоспар құра білу студенттердің курс жұмысында қаралатын келесі мәселенің және оның кейбір тұстарын түсінуінің айғағы. Демек жоспардың сапалылығының жұмыс сипатына тигізетін әсері мол. Жоспарға кіріспе, тақырыптың мазмұнын айқындайтын үш-төрт сұрақ және қорытындыны енгізген дұрыс. Мысалы, «Биржа ісін реттеу» деген тақырып бойынша жоспар:

Кіріспе

- 1.Биржа ісі деген ұғым, оның құрамы және реттеу қағидалары
- 2.Биржа ісін мемлекеттік реттеу жүйесі және әдістері
- 3.Қазақстан Республикасының биржа нарығын реттейтін заң актілерінің қор биржасына қоятын талаптары

Қорытынды.

Ғылыми-әдістемелік кеңес беру мақсатында бір топ студенттерге ғылыми жетекші ретінде оқытушы бекітіледі. Ол курс жұмысының жоспарын құруға,керекті әдебиеттер мен нақты мәліметтер жинауға ақыл айтып, жұмыс жазуды бағыттап және бақылап отырады.

3.Әдебиеттер мен нақты мәліметтерді жинақтау

Жұмыс жазуға керекті әдебиеттер мен нақты мәліметтерді студент өзі іздеп, жинақтап алады. Бастапқыда тақырыпқа байланысты қабылданған ресми шешімдер мен заң күші бар жарлықтарды, одан соң ғылыми еңбектер, әдебиеттер мен ақпарат құралдарында жарияланған нақты мәліметтерді оқыған дұрыс.

Ол үшін университет кітапханасындағы каталогтармен танысып, мәлімет, ақпараттың басылып шыққан уақытына көңіл бөлген жөн. Әдетте экономикалық категориялар өндірістік қатынастардың өзгерістерін айқындайды. Сондықтан бірінші кезекте соңғы уақытта жарық көрген деректерді таңдап пайдаланған жөн. Таңдап алған әдебиеттер мен мәліметтерді дәптерге немесе карточкаларға жазып, курс жұмысының жоспарына сай топтастырып, алфавит бойынша тізім жасаған дұрыс. Тізім төмендегі үлгімен жазылады:

- автордың фамилиясы және аты-жөні (егер бір автордың басшылығымен шықса онда кітаптың аты);
- кітаптың алғы бетіндегі дәл атауы;
- томы, басылған жері, жылы және неше бет. Мысалы: Дегтярева О.И. Биржевое дело: Учебник для вузов. - М.: ЮНИТИ - ДАНА, 2000. 679 с.

Журналға, газетке шыққан мақалаларды тізу бірсыпыра басқаша:

- автордың фамилиясы және аты жөні;
- мақаланың аты;
- журналдың немесе газеттің аты, оның шыққан жылы және саны, ал газеттің шыққан айы және жұлдызы жазылады.

Мысалы: А. Глеппаев, Н. Гизитдинов «Рынок ценных бумаг – наш ответ экономическому кризису». // Деловая неделя, 2004г.

№25(603) 25 маусым

Керекті әдебиеттерді жинақтап алған соң ғана оларды зерттеп білуге кірісу керек. Зерттеудің нәтижелі болуына қаралатын мәселе бойынша алдын ала оқулықтың тиісті бөлімін оқыған зор әсер етеді. Сонымен бірге зерттелетін тақырыпқа байланысты әдейі жазылған оқулықтар, ғылыми жинақтармен де танысқан дұрыс.

Қоғамдағы болып жатқан экономикалық құбылыстар туралы тек жан-жақты зерттеліп, талданған нақты мәліметтер ғана ғылыми негізде болуы және дұрыс қорытынды беруі ақиқат. Сондықтан сол ақиқат ақпараттарды талдау арқылы ғана теория мен практиканың байланысын айқындауға мүмкіндік туады. Бұрыннан белгілі, теория практикаға жол ашса, ал практика теория дұрыстығының шешуші белгісі. Демек, экономикалық құбылыстарды айғақтайтын нақты және статистикалық мәліметтерді жинақтауға аса мұқият көңіл бөлген жөн. Нақты мәліметтердің негізгі көзі Қазақстан Республикасы статистика жөніндегі Ұлттық агенттігінің жыл сайын шығаратын сандық жинағы. Сонымен қатар, ақша, несие, банктер, бағалы қағаздар туралы мағлұматтарды Ұлттық банктің саяси экономикалық апталығы, кей кездерде брошюра, журнал және газеттерде жариялайды. Курс жұмысын жазуға

ұлттық экономиканы сипаттайтын көрсеткіштермен қатар жергілікті мәліметтерді де кеңінен қолдануға болады. Мысалы: «Банктердің бағалы қағаздармен операциялары», «Нарықтық экономика жағдайындағы банктердің актив және пассив операцияларының дамуы» және т.с.с. тақырыптар бойынша жергілікті жерлердегі, облыстардағы банктердің қызметін көрсететін нақты ақпараттарды пайдаланған дұрыс. Көп жағдайда белгілі бір қаланың, облыстың көрсеткіштерін баяндайтын жергілікті ақпарат құралдарын пайдалану ұтымды.

4. Курс жұмысының мазмұнын жазудың тәртібі

Керекті ақпараттарды жинақтап, жан-жақты және терең зерттегеннен кейін курс жұмысының жоспарын қайта қарап, кейбір сұрақтарын қайта тұжырымдап, олардың қаралу кезеңін өзгерту, нақты және сандық мәліметтерді, кесте мен диаграммаларды енгізу тәртібін қарау керек. Жоспар құруды бітірген соң оның мазмұнын жазуға кіріскен жөн. Жинақтаған сөзді мәліметтерді жұмыс жоспарының сұрақтарына сай жүйелеп жазып, одан соң сандық мәліметтерді кесте ретінде, я болмаса диаграммаға келтіріп талдаған дұрыс.

Жұмысты жазу барысында кейбір ой желісін мәлімдеп қана қоймай, оны теориялық тұрғыдан дәлелдеу және жинақтаған нақты ақпараттармен толықтыру қажет. Сонда ғана қаралып отырған экономикалық құбылыстың тарихи дамуы шешіледі. Текстін студент өз сөзімен жазу керек. Ал басқа авторлардың еңбегінен үзіндіні сөзбе-сөз тырнақшаға алып, номерлеп көшіріп, сол беттің соңында түп нұсқаға сілтеме көрсетіледі.

Кейбір экономикалық әдебиеттерде қаралып отырған сұрақ бойынша бірыңғай көзқарас болмауы мүмкін. Бұндай жағдайда бірнеше авторлардың ой-желісін келтіріп, олардың көзқарасын сынап, өз тұжырымын дәлелдеп келтіре білу керек. Әрине экономикалық тұжырымдарды салыстырып қарап, өз ойын дәлелдеу курс жұмысының сапасын арттыруға және қаралып отырған мәселені терең түсінуге мүмкіндік береді.

Курс жұмысының мазмұны оның тақырыбын толық ашуы керек. Әрине, тақырып өте кең болып бір курс жұмысының шеңберіне симауы мүмкін. Сол үшін жұмыстың жоспарында көтерілген сұрақтар төңірегінде қараған жөн. Алғашқыда қаралып отырған құбылыстар мен процестердің негізгі ұғымын, құрылымын, сипаттамасын теориялық тұрғыдан нақты жазу керек. Біздің мысалда ол жалпы алғандағы биржа ісінің мәні, құрамы және реттеу қағидалары (айта кету керек, бұл жерде ешбір мемлекеттің биржа жүйесін сипаттамай жалпы экономикалық ұғымды баяндау).

Одан кейінгі сұрақта биржа ісі деген ұғымды тұжырымдап, сол істің Қазақстанда қалыптасу және өркендеу кезеңдерін қарау керек. Сұрақтарды тарихи тұрғыдан қарап, немесе басқа мемлекеттермен салыстырып, биржа ісінің құрылымының өзгеруін сан және сапа жағынан схема түрінде көрсетсе, әрине курс жұмысының мазмұны тереңдей түсуі сөзсіз. Біздің мысалда соңғы сұрақ болып ерекше бөлініп тұрған биржа нарығын реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілерін тарихи тұрғыдан, яғни нарықтық экономиканы қалыптастыру және одан әрі дамыту тұрғысынан қарастыру керек.

Курс жұмысының негізгі мазмұнын жазып болған соң кіріспе мен қорытындысын жазу керек. Тақырыптың мазмұнын зерттеп, жазғаннан кейін оның маңыздылығын 1-1,5 бет көлемінде кіріспеде көрсету қиынға түспейді. Сонымен бірге кіріспеде курс жұмысының мақсатын, оның зерттелетін пәнін, пайдаланған әдебиеттер және с.с. оқулықтар тізімін көрсету керек. Біздің мысалда зерттелетін пәні – Қазақстан Республикасындағы биржаның мәні мен маңызы; зерттеу мақсаты – республикадағы бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен өркендеуін оқып білу. Курс жұмысының қорытындысында тақырыпты пайымдау, ал кей жағдайда ұсыныс жасау керек.

Соңынан пайдаланған әдебиеттер тізімін кейінірек келтірілген талаптар бойынша жасаған дұрыс.

Жазылып біткен жұмыс көрсетілген уақытта тексерілуге кафедраға тапсырылады. Оған ескерту жасалып, толықтыруға қайтарылуы мүмкін. Түзетілген және толықтырылған курс жұмысы бірінші рецензиямен қоса қайтадан тексерілуге беріледі.

Курс жұмысы оқу тобында ауызша қорғалады. Оның мазмұны және ол бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруі студенттің оқыған теориялық әдебиеттермен, зерттеп талдаған нақты мәліметтерді терең меңгергенін аңғарту керек.

5. Курс жұмысын безендіруге және оны қорғауға қойылатын талаптар

Курс жұмысы А4 форматты ақ қағаздың бет жағына, әрбір жолдың аралығын b1 интервалдан қалдырып, 14 шрифтпен компьютерде терген жөн. Жұмысты жазған кезде қағаздың әр шетінде мына мөлшерде ашық жер қалдыру керек: сол жағында – 30 мм, оң жағында – 10 мм, жоғары және төмен жағында – 20 мм.

Курс жұмысы жазылған қағаздың парақтарында сөздерді, сандарды

ешқандай сызуға, өшіруге, я болмаса жолдың арасында жазуға болмайды. Сол сияқты сөздерді және сөз тіркестерін қысқартып жазуға болмайды.

Жұмыстың көлемі 25-30 бет. Жұмыстың алғы бетін (титулын) толтыру №1 қосымшада келтірілген үлгіде жүргізіледі, онда реттік сан көрсетілмейді. Бірақ ол жұмыстың жалпы бет санына есептеледі, әрбір бетті араб сандарымен беттің жоғары оң жағында белгілейді. Жұмыстың барлық сөздері қысқартылмай толық жазылады. Алғы беттен (титулдан) кейінгі келесі бетте жұмыстың мазмұны (№ 2 қосымша) көрсетіледі. Одан келесі беттерде текст жазылады. Әрбір тараудың мазмұны жаңа беттен бас әріптермен басталады. Тарау мен мазмұнының арасы 10-15 мм. болуы керек.

Курс жұмысының соңында қолданылған әдебиеттер мына ретпен (III-тарауда жазылған тәртіппен) көрсетіледі:

● ресми құжаттар:

а) заңдар

ә) үкіметтің қаулылары мен шешімдері;

б) нормативті құжаттар мен ережелер;

● алфавит бойынша монографиялар, ғылыми жинақтар, журнал- газет мақалалары.

Журнал мақалаларын тіркегенде автордың фамилиясы, аты-жөні, мақала мен журналдың аты, шыққан жылы, саны және беті көрсетіледі.

Курс жұмысының соңына студент өз қолын қойып, жұмыс жазылып біткен күнін, айын, жылын көрсетеді. Курс жұмысы екі – үш маман оқытушылардың қатысуымен оқу тобының (студенттердің) алдында ауызша қорғалады. Оның мазмұны және ол бойынша қойылған сұрақтарға жауап студенттердің оқыған теориялық әдебиеттермен, зерттеп талдаған нақты мәліметтерді терең меңгергенін аңғарту керек. Осылай қорғаудың нәтижесінде курстық жұмыс және оны орындаған студент өзінің қорытынды бағасын алады. Бағасы сынақ ведомсына және студент кітапшасына жазылады, оны растайтын оқытушының қолы қойылады.

6. Курстық жұмысты даярлап өткізу мерзімі мен бағалануы

Бөлімдер	Апталық мерзім	%	Бағалану рәсімі
Материалдар жинау	2-3	15%	
Теориялық бөлім	3-4	15%	
Мәліметтерді өңдеу	3	30%	
Тұжырымдар	1	20%	75-90% қанағаттанарлық
Көркемдеу	1	10%	80-90% жақсы
Қорғау	10-12	10%	90-100% өте жақсы

7. Курстық жұмысты тақырып нөмірі бойынша бөлу

Фамилияның бас әрпі	Тақырыптардың сандары
А;П	1,15,29,43
Б;Р	2,16,30,44
В;С	3,17,31,45
Г;Т	4,18,32,46
Д;У	5,19,33,47
Е;Ф	6,20,34,48
Ж;Х	7,21,35,49
З;Ц	8,22,36,50
И;Ч	9,23,37,51
К;Ш	10,24,38,52
Л;Щ	11,25,39
М;Э	12,26,40
Н;Ю	13,27,41
О;Я	14,28,42

8. Курстық жұмыстарының шамамен алғандағы тақырыптары

1. Ақшаның пайда болуы және оның тауарлы табиғаты.
2. Ақша айналымы және ақша айналысының заңдары.
3. Ақша жүйесі және оның Қазақстанда қалыптасу ерекшеліктері
4. Акционерлік қоғам және оның Қазақстандағы әрекет ету ерекшеліктері
5. Ақша айналымын реттеудің мемлкеттік әдістері және олардың Қазақстандағы ерекшеліктері
6. Ақша эмиссиясы және ақшаны шаруашылық айналымға шығару.
7. Несиенің функциялары, ролі, шекарасы және заңдары (заңдылықтары).
8. Ақшаның мәні, қызметтері және ерекшеліктері.
9. Ақша мен ақша белгілерінің түрлері, олардың дамуы.
10. Ақшаның металдық теориясы және металл ақша айналысы, оның даму тарихы және құнының қағазға белгіленген формасына өту себептері.
11. Ақшаның номиналистік теориясы және қағаз ақшалар, олардың мәні мен негізгі түрлері.
12. Инфляция, оның себептері мен салдарлары.
13. Инфляцияны реттеудің әдістері, шекарасы, қайшылықтары және оның Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері.
14. 1922-1924 жылдардағы ақша реформалары.
15. Несие ақшалары, олардың мәні мен негізгі түрлері.
16. Несиенің қажеттілігі, мәні мен формалары.
17. Несие жүйесі, несиелік қатынастар мен несиелік мекемелер жиынтығы ретінде.
18. Қазақстанның банк жүйесінің қалыптасуы мен дамуы.
19. ҚР қазіргі банк жүйесі.
20. 1930-1932ж. несие реформасы.
21. Несиелік ресурстар және оны қалыптастыру көздері.
22. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның қызметтері мен операциялары.
23. ҚР коммерциялық банктері, оның қызметтері мен операциялары.
24. Банктік қызметтегі тәуекелділіктер.
25. Қарыз процентінің экономикалық маңызы.
Қазақстандағы проценттік саясат.
26. Акционерлік қоғам және бағалы қағаз түрлері.
27. Қор биржасы және биржалық келісімшарт түрлері.
28. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби маманданған қатысушылары.
29. ҚР қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың қазіргі жүйесі.
30. 1987-1988ж.ж. банктік жүйенің реформасы.

- 31.Екінші деңгейдегі банктердің активті және пассивті операцияларының дамуы.
- 32.Ақша реформасын жүргізудің қажеттілігі мен мәні.
- 33.Ақша – несиелік реттеудің мақсаты, объектісі, механизмі және Орталық банктің реттеуші субъекті ретіндегі ролі.
- 34.Қазақстандағы жинақ ісінің дамуы.
- 35.Қазақстан Республикасындағы 1993 жылғы ақша реформасы.
- 36.ҚР ақша – несиелік саласында қазіргі кездегі ағымдағы тенденциялары.
- 37.Ақша массасының мультипликациясы және міндетті резервтер нормасы.
- 38.Төлем жүйесі және оның ҚР –да даму тенденциялары.
- 39.Ақшаның қазіргі теориясы.
- 40.Инфляцияның түрлері және банктік процент.
- 41.Төлем балансы және оның ақша –несиелік және валюталық саясаттағы маңызы.
- 42.Бреттон – Вудс валюта жүйесінің дағдарысы. Қазіргі әлемдік ақшалар.
- 43.Ақшаның мезгілдік құнының теориясы және оның капиталды құнын анықтаудағы маңызы.
- 44.Пластикалық карточкалармен есеп айырысу және олардың түрлері.
- 45.ҚР Ұлттық банктің мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынасы.
- 46.ҚР вексель және вексель айналысы
- 47.Әлемдік валюта – қаржы жүйесі: құрылымы, қалыптастыру механизмі, даму тенденциялары.
- 48.Әлемдік валюта жүйесінің эволюциясы.
- 49.Еуропалық валюталық жүйе, оның негізгі кезеңдері мен дамуы.
Арнайы банктік емес институттардың капиталды қорландыру мен жинақтаудағы ролі мен мәні.
- 50.Лизинг: қатысушылары, құрылымы және лизинг түрлері.
- 51.Қаржы нарығын және ұйымдарды реттеу және бақылау агенттігінің міндеттері мен қызметі.
- 52.Ақшаның түрлері мен формалары.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының заңдары мен заңды актілері

1. «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Президентінің 1993 жылдың 12 қарашадағы жарлығы.
2. «Қазақстан Республикасының ақша жүйесі туралы» 1993 жылдың 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. «Қазақстан Республикасындағы Ұлттық банкі туралы » ҚР-сы Президентінің заң күші бар 1995 ж 30 наурыздағы жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы » ҚР-сы Президентінің заң күші бар 1995 ж 31 тамыздағы жарлығы.
5. «Төлемдер мен ақша аудару туралы» ҚР-ның 1998ж 29 маусымдағы Заңы.
6. «ҚР-ғы вексель айналысы туралы» ҚР-ның 1997 ж. 28 сәуірдегі Заңы.
7. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 ж. 2-шілдедегі ҚР Заңы.
8. «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы » 2005 ж.13 маусымдағы Қ Р Заңы.
9. «Ұлттық валютаның айырбас бағамының саясаты туралы» 1998ж. сәуірдегі ҚР-сы үкіметінің №360 қаулысы.
10. «ҚР – ның ХВҚ –ға, ХҚҚДБ-ға,ХҚК-ға, ХДА-ға, ИККА-ға, ЕҚҚДБ-ға, АЗДБ-не ИТКРО-ны мушелігі туралы» ҚР-ның 2001 ж. 6 желтоқсандағы №264 Заңы.
- 11.«ҚР-да қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің біртұтас жүйесін ұйымдастыру сұрақтары» ҚР-сы Президентінің 2002 ж. 17 мамырдағы №872 үкімі.
- 12.ҚР Үкіметінің 2 шілде 2002ж. №713 «Микропроцессорлық карточуалар негізінде төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасы».

Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің нормативтік актілері

1. ҚР экономикасын қысқа мерзімді несиелеу тәртібі.Ұлттық банк басқармасының 1994ж. 11 ақпандағы №4 қаулысы.
2. ҚР-сы территориясындағы чектерді пайдалану тәртібі. – ҚР-сы ҰБ басқармасының 1998ж. 5 желтоқсандағы №266 қаулысы.
3. Пруденциялық нормативтер туралы ереже. - ҚР-сы ҰБ басқармасының 2006ж. 28 тамыздағы №157 қаулысы.
4. Мемлекеттік бағалы қағаздармен жүргізілетін РЕПО және кері РЕПО операцияларының тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 3 шілдедегі №160 қаулысы.

5. ҚР-ның екінші деңгейдегі банктерінің жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 5 қарашадағы №266 қаулысы.
6. Екінші деңгейдегі банктердің несиелеу үшін құжаттарды жүргізу ережесі ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 16 тамыздағы №276 қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы территориясында төлем құжаттарын және қолма-қолсыз есеп айырулар мен ақша аударымдарын қолдану ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 24 тамыздағы №331 қаулысы.
8. Қазақстан Республикасындағы банктерді ерікті тарату ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 16 мамыр №210 қаулысы.
9. ҚР-да клиринг жүргізу тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 16 маусымдағы №273 қаулысы.
10. ҚР-да пластикалық карточкаларды шығару және пайдалану тәртібі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 24 тамыздағы №331 қаулысы.
11. Қазақстан Республикасы территориясында банктік шот ашпастан қолма-қолсыз төлемдер мен ақша аударымдарының жүзеге асыру ережелері. ҚР-сы ҰБ басқармасының 1999ж. 3 шілдедегі №160 қаулысы.
12. Екінші деңгейлі банктермен кассалық операцияларды жүргізу ережелері. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2000ж. 15 қараша қаулысы.
13. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүргізу ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №115 қаулысы.
14. Ломбард құру , лицензиялау, қызметін реттеу, тоқтату ережесі. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №332 қаулысы.
15. Қазақстан Республикасында экспортты – импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы нұсқаулық. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2002ж. 3 тамыз №343 қаулысы.
16. Төменгі резервтік талаптар туралы ереже. ҚР-сы ҰБ басқармасының 2001ж. 20 сәуір №300 қаулысы.

Қосымша ақпарат көзері ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің арнайы басылымдары ұсынылады:

А) *ҚР Ұлттық банкінің хабаршысы* – арнайы басылым-айға 2 рет, банктік жүйе мен қаржы нарықтарының ағымда жағдайы туралы оперативті ақпараттарды, банктер мен басқа да несиелік мекемелердің қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды, ҚР Ұлттық банк Басқармасы мен Директориаттың шешімдері ұсынады.

Б)ҚР Ұлттық банктің статистикалық бюллетені- орыс және ағылшын тулдеріндегі арнайы басылым, ақша –несиелік қатынас және қаржылық қызметтер туралы статистикалық ақпараттарды ұсынады.

В)Экономкалық шолу – тоқсандық аналитикалық басылымы, жүргізілетін ақша несиелік және валюталық саясат, есеп айырулар мен төлемдер және т.б.аумағындағы саясаттарға талдау тиімділігі жөніндегі ақпараттарды ұсынады.

Оқулықтар және оқу құралдары. Ғылыми басылымдар

1. Афонина С. Электронные деньги. Оқу құралы – СПб, Питер 2001.
2. Ауриемма Майк Дж.Роберт С.Коли. Индустрия банковских пластиковых карточек. Ағылшын тілінен аударма.- М.Инфра, 1997.
3. Банковские системы развитых стран. Щербакова Г.Н. жетекшілігімен – М.Экзамен 2001.
4. Балабанов И.Т., Гончарук О.В., Савинская Н.А. – Деньги и финансовые институты. – Оқу құралы – СПб, Питер 2000.
5. Валютные отношения. Ю.Ф.Сименовтың оқу құралы. – М.Финансы и статистика 2002.
6. Грязнова А.Реструктурирование кредитных организации в зарубежных странах. М.Юнити 2000.
7. Деньги, кредит, банки. О.И.Лаврушинның жетекшілігімен. М. 2002.
8. Деньги, кредит, банки. В.Коллесникованың жетекшілігімен – СПб, Питер 2001.
9. Деньги, кредит, банки. Г.С.Сейткасымовтың жетекшілігімен- Алматы, Экономика 1996.
- 10.Дэвид С.Кидуэлл, Ричард Л.,Петерсон, Дэвид У. Блэкуэлл. Финансовые институты, рынки и деньги. СПб,Питер 2000.
- 11.Деньги, кредит, банки. Ценные бумаги. Практикум. Е.Жуковтың жетекшілігімен М.Юнити 2001.
- 12.Долан Э.Дж.,Кэмпбелл Колин Д.,Кэмпбелл Розмари Дж. Деньги , банковское дело и денежно – кредитная политика – М. 1991.
- 13.Диана Мак – Нотон. Банки на развивающихся рынках. 2 – томда. Әлемдік банк институты. 1998.
- 14.Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы . Оқу құралы.- Алматы Экономика 1999.
- 15.Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы категорияларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы ҚазМБА, 1999.
- 16.Көшенова Б.А. Ақша, несиелік, банктер. Валюта қатынастары. Оқу құралы. Алматы Экономика 2000.

17. Кураков Л.П., Тимерясов В.Г., Кураков В.Л. Современные банковские системы. Оқу құралы-М.Гемос 2000.
18. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения. Красавина Л.Н. жетекшілігімен оқу құралы. – М. Финансы и статистика. 2002.
19. Мишкин Ф. Экономическая теория денег, банковского дела и финансовых рынков. М. Аспект пресс, 1999.
20. Саниев М.С. – Ақша, несие, банктер. Оқу құралы. Алматы қаржы және статистика институты.
21. Ақша, несие, банктер. Оқулық. Алматы, Экономика 2005.
22. Деньги, кредит, банки. Оқулық. В.В.Иванов, Б.И.Соколов. – М. Проспект – 2006.
23. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. Алматы, 2002.
24. Хамитов Н. Н. Банк ісі. Алматы: 2006.
25. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. Алматы 2002.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

«ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ» ИНСТИТУТЫ

«ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫ

« _____ » курс студенті _____
(фамилиясы аты, жөні)

« _____ » пәнінен

(тақырыптың атауы)

тақырыбы бойынша

К У Р С Ж Ұ М Ы С Ы

Ғылыми жетекшісі _____

(фамилиясы, аты-жөні, ғылыми атағы мен дәрежесі)

АҚТАУ, 2011

М А З М Ұ Н Ы

	беттері
Кіріспе	3-5
1. Тараудың аты	6-10
1.1. баптың аты	6-8
1.2. баптың аты	8-10
2. Тараудың аты	11-18
2.1. . . .	11-15
2.2. . . .	15-18
3. Тараудың аты	18-23
3.1. . . .	18-20
3.2. . . .	20-23
Қорытынды	24-27
Қолданылған әдебиеттер	28-30
Қосымша мәліметтер	